

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

культурные и исторические традиции, а также расширить свой кругозор и понимание других культур. Таким образом, регулярное посещение музеев имеет важное значение для развития исторического сознания и памяти у граждан. Результаты данного исследования подтверждают важность продолжения работы в данном направлении и необходимость развития музейной инфраструктуры, чтобы предоставлять людям доступ к знаниям о истории и культуре своей страны.

Список использованных источников и литературы

1. Колесникова, А.Г. Роль музея в формировании исторического сознания россиян. 2015.
2. Официальный сайт Музейно-мемориального комплекса «АЛЖИР», <https://museum-alzhir.kz/ru/>
3. Саморокова, Е.С. Специальный выпуск материалов Республиканского вебинара, приуроченного ко дню памяти жертв политических репрессий «Сотрудничество кафедр АНК с музеями и архивами по сохранению исторической памяти (на примере вузов Карагандинской области)». 2021. 202-208 с. <https://rep.ksu.kz/handle/data/13780?show=full>

ӘОЖ 9/94

ЛЕВ НИКОЛАЕВИЧ ГУМИЛЕВТИҢ ҒЫЛЫМИ КӨЗҚАРАСТАРЫ ЖӘНЕ КЕҢЕСТІК БИЛІК

Әбдуәлі Назгүл Мәмедиярқызы

nazgul.abdualievaaa@inbox.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының 3
курс студенті

Ғылыми жетекшісі— Жылкыбаев К.Д.

Лев Николаевич Гумилев 1912 жылы 1 қазанда Царское селосында дүниеге келген- белгілі кеңестік және Ресей этнологы. XX ғасырдың көрнекті еуразияшыл ғалымы, тарихшы- этнолог, тарих және география ғылымдарының докторы, ақын, парсы тілінен аудармашы. Этногенез пассионарлық теориясының авторы. Қазақстанның ежелгі тарихын жетік білген. Ресей жаратылыстану ғылыми академиясының академигі, география және тарих ғылымының докторы, ұлы дала халықтарының тарихын зерттеген маман. Пассионар этногенез теориясының негізін салушы [1].

Лев Николаевич Гумилев- лагерьлер мен түрмелерде жалпы алғанда 14 жыл отырды. Ол бір сөзінде: "Бірінші рет әкем үшін, екіншісі-анам үшін отырдым"-деді. (1935 жылы- "өзі үшін", 1938 жылы- "әкесі үшін", ал қазір- "анасы үшін"). Оның ата-анасы Ресейдің ұлы ақындары Анна Ахматова мен Николай Гумилев еді [2].

Ол алғаш рет 1933 жылы желтоқсанда қамауға алынып, бірақ анасы мен Борис Пастернактың Сталинге хаттарының арқасында босатылды.

1934 жылдың қыркүйегінде "жұмыс өтілін" өтіп, Ленинград мемлекеттік университетінің тарих факультетінің шығыс бөліміне оқуға түсті. Сол кезде белгілі ғалымдар М.И. Артамонов, Б.Д. Греков, В.В. Струве, Е.В. Тарле сабақ берді. Бірақ оқып жүргенде бірнеше рет қамауға алынып, оқуы үзіліп отырды. Басында "Қырғыз ғылымының еңбек сіңірген қайраткері", тарих ғылымдарының докторы, археолог А.Н.Бернштамды "хабарламағаны" үшін тұтқындалып, А.А. Ахматованың түрлі инстанцияларға бірнеше рет жүгінгеннен кейін ғана түрмеден шықты.

А.А. Ахматова өлеңінде:

Муж в могиле,

Сын в тюрьме,

Помолитесь обо мне – деп баласы үшін қайғы кешкенін көрсетеді [3, 4 б.].

Университеттен шығарылғаннан кейін Лев Гумилев КСРО ҒА Шығыстану

институтының Ленинградтық бөлімшесіне барып, онда ежелгі түркілердің тарихы бойынша баспа көздерін дербес зерттей бастайды.

Лев Гумилев 1937 жылы университетке қайтадан шақыртылды. Студент кезінде ол КСРО ҒА Иван ЛО-да " VI-VIII ғасырлардағы түркілердің ерекше жүйесі" тақырыбында баяндама жасап, баяндама 1959 жылы "Кеңестік этнография" журналының 3 санында жарияланады [4, 12 б.].

1938 жылы комсомол ұйымының шешімімен қайтадан қамауға алынып, университеттен шығарылады. Ол Теодор Шумовский, Николай Ерехович деген студенттерімен контрреволюциялық қызметі үшін қамауға алынды (осы жолы "әкесі үшін" еді). Тергеу барысында ол азапталды, " 8 түн ұрылды", бес жыл қатаң режимдегі колонияға берілді және оны көп ұзамай Норильск ГУЛАГ-Норильлагқа, Ақ теңіз-Балтық каналын салуға жіберді. Гумилев мыс-никель шахтасында техник-технолог болып жұмыс істеді және мерзімін өтегеннен кейін Норильскіден кету құқығынсыз қалды.

10 наурыз 1938 жыл

Лев Гумилев: "Внешний повод для ареста дал я сам". Этому дню предшествовали события, обычные для студенческой жизни, - в здании филологического факультета ЛГУ студентам-историкам читал лекцию профессор кафедры истории русской литературы Л. В. Пумпянский. На лекции произошел инцидент, впоследствии описанный самим Л. Н. Гумилевым: "Лектор стал потешаться над стихотворениями и личностью моего отца. "Поэт писал про Абиссинию, - восклицал он, - а сам не был дальше Алжира... Вот он - пример отечественного Тартарена!" Не выдержав, я крикнул профессору с места: "Нет, он был не в Алжире, а в Абиссинии!" Пумпянский снисходительно парировал мою реплику: "Кому лучше знать - вам или мне?" Я ответил: "Конечно, мне". В аудитории около двухсот студентов засмеялись. В отличие от Пумпянского, многие из них знали, что я - сын Гумилева. Все на меня оборачивались и понимали, что мне, действительно, лучше знать. Пумпянский сразу же после звонка побежал жаловаться на меня в деканат. Видимо, он жаловался и дальше. Во всяком случае, первый же допрос во внутренней тюрьме НКВД на Шпалерной следователь Бархударян начал с того, что стал читать мне бумагу, в которой во всех подробностях сообщалось об инциденте, произошедшем на лекции Пумпянского..." [5].

Анна Ахматованың Иосифу Сталинге арналған хатында:

6 ақпан 1939 жыл

«Құрметті Иосиф Виссарионович, мен сізге Ленинградтың тарих факультетінің 4 курс студенті, жалғыз ұлым Лев Николаевич Гумилевті құтқаруыңызды өтінемін. Менің ұлым түрмеде отырғалы 13 ай болды, ол сотталып, кейін үкімнің күші жойылған еді, бірақ қазір іс қайтадан бастапқы сатысында (5 ай болды).

Ұлымның бұлай ұзақ түрмеде отыруы оны да, мені де қыңжылталды.

Осы уақыт ішінде жалғыз өзім ауыр дертке (бет ісігі) шалдықтым. Мен күйеуіммен ажырастым, менің ең жақын адамым ұлымның жоқтығы мені барлық өміршендігімнен айырады.

Менің ұлым дарынды тарихшы. Академик Струве мен профессор Артамонов оның баспаға қабылданған ғылыми жұмысының назар аударуға лайық екенін дәлелдей алады.

Ұлымның Отан мен Үкімет алдында еш кінәсі жоқ екеніне сенімдімін. Ұлым, сіз 1935 жылы ұлымды маған қайтарып, бізге артқан үлкен сенімді ақтауға тырысты.

Қатты ұялып және өтінішімнің үлкендігін сезініп, мен сізге тағы да жүгінемін.

Иосиф Виссарионович! Кеңес тарихшысын құтқарып, маған қайтадан өмір сүруге және жұмыс істеуге мүмкіндік беріңіз.

Анна Ахматова»

Хат Сталинге жетті ме, белгісіз. Лев Гумилев «он жыл еңбекпен түзеу лагерінде болды». Бірақ көп ұзамай (17 қазанда) Жоғарғы Соттың Әскери алқасы Әскери трибуналдың бұл үкімін жоққа шығарды

Іс қайта қарауға жіберіліп, жаза жеңілдетілді [6].

1943 жылы, мерзімі біткеннен кейін Гумилев майданға аттанбақ болды, бірақ ол тек

1944 жылы ғана әскерге алынып, Берлин құрамына кіретін штрафбатта болды. Бірінші Беларусь майданының 31-зениттік артиллериялық дивизиясының құрамында болған 1386-шы зениттік артиллериялық полк құрамында қатардағы жауынгер ретінде соғысқан. Л.Н.Гумилев «үш шабуылға»: Батыс Польшаны азат етуге, Будапешт, Прага, Берлинді алуға қатысты.

Майданнан оралғаннан кейін, 1946 жылы 10 емтихан тапсырып, университетті бітіріп, КСРО ҒА Шығыстану институтының Ленинград бөлімінің аспирантурасына түсті. Аспирант ретінде М.И.Артамоновтың Подолиядағы археологиялық экспедициясына қатысады. А.Ждановтың "Звезда" және "Ленинград" журналдары туралы баяндамасынан және осы мәселе бойынша БКП(б) ОК ұйымдастыру бюросының қаулысынан кейін Гумилев "таңдалған мамандықтың филологиялық дайындығының сәйкес келмеуіне байланысты" деген уәжбен аспирантурадан шығарылды.

Кандидаттық диссертацияны өз бетінше жаза отырып, ол оны қорғағысы келді, бірақ соңғы жұмыс орнынан анықтаманың жоқтығы деген сылтаумен қорғауға қажетті құжаттар қабылданбады. Қажетті анықтаманы алу үшін психиатриялық ауруханаға кітапханашы болып жұмысқа тұруға мәжбүр болды.

1946-1947 жылдары Л.Н.Гумилев Оңтүстік-Подольск экспедициясында қорғандарды қазуда, 1948 жылы Таулы-Алтай экспедициясында, 1949 жылы Алтайдағы археологиялық-этнографиялық экспедицияда Пазырак бірегей қорғанын қазуда жұмыс істеді. Оң мінездеме ұсынылғаннан кейін ЛМУ ректоры М.А. Вознесенский 1948 жылғы 28 желтоқсанда өткен "тұңғыш Түрік қағанатының егжей-тегжейлі саяси тарихы (546-569)" тақырыбы бойынша кандидаттық диссертациясын қорғауға рұқсат берді. Кандидаттық диссертациясын қорғағаннан кейін Л.Н.Гумилев "КСРО халықтарының этнографиясы мұражайында" ғылыми қызметкер болып қабылданды.

Тарих ғылымдарының кандидаты дипломын ала алмаған соң, 1949 жылы ол қайтадан қамауға алынып Лефорт түрмесіне жіберілді. КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік министрлігі жанындағы кезектен тыс мәжілісте РСФСР Қылмыстық кодексінің 1 бөлімі 58-8, 58-10, 58-11 баптары бойынша сот үкімімен 10 жылға қатаң режимге сотталды. Қазақстандағы арнайы құмды лагерінде, әуелі Қарағанды маңындағы Чурбай-Нұрдағы арнайы мақсаттағы лагерьде, содан кейін Кемерово облысындағы Междуреченск маңындағы лагерьде отырды. Нәтижесінде Л.Н.Гумилев жеті жыл (1950-1956 жж.) Қарағанды және Омбы облыстарындағы лагерьлерде болды [4,14 б.].

О своем пребывании в Чурбай Нура Л.Н. Гумилев пишет в «Биографии научной теории»:

«Повезли меня в Караганду, и там оказался в лагере. Я был уже опытный каторжанин и сказал, что долбить мерзлоту не буду – пусть лучше меня убьют. В лагере много было легкой работы, библиотекарем например. Но поскольку я никого не предал, у меня в бумагах стояла особая пометка: только тяжелые работы. А поэтому меня вывозили за пределы лагеря, а как я там устраивался – это уже никого не интересовало. И кончилось тем, что меня как инвалида комиссовали. Положили сначала в больницу, а потом оставили в лагере и инвалидной команде, и я стал помогать в библиотеке. Там у меня появилась возможность заниматься и писать книгу «Хунну».

Потом переместили в Омск, там опять положили в больницу, и я написал книгу «Древние тюрки» [7, 38 б.].

1956 жылы іс «дәлелдердің жоқтығынан» жабылды. Гумилев түрмеден 44 жасында докторлық диссертациясының қолжазбаларымен және «Хунну» мен «Көне түркілер» монографияларымен Ленинградқа оралды. 1960 жылы Мәскеуде «Хунну. Орта Азия ежелгі дәуірде» атты тақырыпта алғаш монографиясы жарыққа шықты. 1961 жылы қарашада Ленинград университетінің ректоры А.Д. Александровтың рұқсатымен тарих ғылымдарының докторы дәрежесіне «VI-VII ғасырлардағы көне түркілер» тақырыбында диссертация қорғады [4,16 б.].

"Литературное обозрение" тілшісінің бірі Е.Канчуков: «Қанша сотты болдыңыз?» деген сұрағына Л.Н.Гумилев былай деп жауап берді: «Осылай санау керек. Мен барлығы алты рет

қамауға алындым, бірақ төрт рет үкімсіз қалдым, бірақ сонда да екі рет маған үкім шықты; бірінші-бес жыл; содан кейін-он. Алғашқы бестік сегізге айналды (1938-ден 1945-ке дейін), өйткені олар мені Норильсктен жібермеді.

Содан кейін олар мені майданға жауынгер ретінде жіберді. Бірақ мен жоғарылау құқығынсыз қызмет еттім, сондықтан менде ордендер мен медальдар ғана, тіпті алғыс хатым да жоқ. Соғыстан кейін, жоғарыда айтқанымдай, жалпы академиялық деңгейде қудалау болды. Сот отырысында прокурор: «Сауатты болғандықтан қауіптісің – 10 жыл аласың» деді. Мұның бәрі Хрущевке дейін, 20-съезге дейін жалғасты, содан кейін мен ақталдым» [8].

Лев Николаевич Гумилев төрт рет тұтқындалып, 14 жыл түрмелер мен лагерьлерде болды. 14 жылға оның жұмысын жариялауға тыйым салынды. Аты аңызға айналған евразияшыл, ғалымның айтуынша, ол «құқықсыз мемлекеттік құлдан- әйгілі ғалымға» дейінгі жолды жүріп өтті...

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі

1. https://kk.wikipedia.org/wiki/Лев_Николаевич_Гумилев
2. <https://www.gumilev-center.ru/paradoksy-lva-gumileva/>
3. Лев Николаевич Гумилев Библиографический указатель: Предисловие, составление, редакция А.Г.Каримуллина. Ответственный редактор- Р.И.Валеев. Казань, 1990.-31 с.
4. Ковальская С. Научное наследие Л.Н.Гумилева. Учебное пособие.-Астана: Фолиант, 2012. -160 с.-Серия «Мир Гумилева»
5. <https://runivers.ru/philosophy/chronograph/428281/>
6. <https://ok.ru/group53363049824363/topic/68397845116267>
7. Сергей Лавров. Лев Гумилев: Судьба и Идеи. –Москва: Айрис-Пресс, 2007. -588 с.
8. Законы времени. Интервью Л.Н.Гумилева // Литературное обозрение.-1990.-№3.

ӘОЖ 9/94

АЗИЯЛЫҚ ДЕПАРТАМЕНТТІҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯҒА ЭКСПЕДИЦИЯЛАРЫ

Есенжолов Д. С

darin.esenjolov777@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің 3 курс студенті

Ғылыми жетекшісі - Жылқыбаев К.Д.

XIX ғасыр әлемдік тарихқа еуропалық саясаткерлердің, ғалымдардың, кәсіпкерлердің көзқарасы Азияның зерттелмеген және қол жетімсіз бұрыштарына байланған кезең ретінде енді. Орта Азия халықтарының табиғи жағдайларын, тарихын, этнографиясын, діні мен мәдениетін зерттеуге ерекше көңіл бөлінді. Бұл жұмбақ аймаққа деген қызығушылық оның сансыз байлығы, табиғи алтыны, таңғажайып нарықтары, құл саудасы, ерекше әдет-ғұрыптары, көшпелі өмірі, Хива, Бұхара, Қоқан хандықтары туралы қауесеттерден туындады. Әрине бұл жақын тұрған Ресей империясын қызықтыра бастады. Сондықтан Ресейдің патша әкімшілігі императорлық бұйрығымен Сыртқы істер министрлігіне 19 сәуір 1819 жылы Азия департаменті құрылады [1, 151 б.]. Тақырып өзектілігі бойынша отандық тарихта Ресей империясының Орталық Азияға жібергендігі туралы хабардар, бірақ орыс барлау экспедицияларын бастаған орган туралы және экспедиция бастаған адамдар туралы зерттеу жұмысы көптің қасы. Сондықтан тақырыптың мақсаты ол Орталық Азияға жіберілген экспедициялар туралы адамдар мен департаменттің туралы мәліметтерді талқылау.

Азия департаментінің құрылғаннан кейін 1819 жылы 22 сәуірде Сыртқы істер министрлігінің Мемлекеттік хатшысы К.В.Нессельроде бұл департаменттің "басты ісі ол азия халықтары, Ресейге бағынышты, сонымен қатар мемлекетіміз олармен сауда қатынасы және басқа да қатынастармен араласуы" деп анықтады [1, 151 б.]. Департаменттің ең бірінші директоры болып - К. К. Родофиникин болып тағайындалады. Департамент өзі екі отделдан тұрды: Бірінші ол түркі мен парсы мәселесі қарастырылды және кавказ халықтары туралы